

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған органдардың штат санын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 1072 Жарлығы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2010 жылғы 1 қарашадан бастап осы Жарлықтың 5 (күпия), 5-1-тармақтарында (күпия) көрсетілген органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы о р г а н д а р ы н ы ң :

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары аппараттарының;
Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі аппаратының;
Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), оның облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдарының (соттардың кеңселері);

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аппаратының;
Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың;
Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, аумақтың бөлімшелерінің; орталық атқарушы органдардың, олардың ведомстволарының, аумақтық б ө л і м ш е л е р і н і ң ;

жергілікті атқарушы органдардың;
Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының;
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет о р г а н д а р ы н ы ң ;

сондай-ақ Қазақстан Республикасының облыстық және оларға теңестірілген соттары, аудандық және оларға теңестірілген соттары судьяларының штат санының лимиттері 15 пайызға қысқартылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2011.10.20 N 165 (2010.11.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Осы Жарлықтың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар:
1) 2010 жылғы 1 қарашаға дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

қызметкерлерге хабарлау мен штат санын қысқарту бойынша жұмыс жүргізісін;
2) өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған органдар басшыларының осы Жарлықта көзделген іс-шаралар жүргізілгеннен кейін «Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы № 304 Жарлығында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің штат санын қысқарту туралы дербес шешім қабылдауға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті мен Ұлттық Банкі сметасының (бюджетінің) штат санына қысқарту туралы олар қабылдаған шешімдердің нәтижесінде босаған қаражатын пайдалануға құқығы бар деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-құжат; 2000 ж., № 54, 593-құжат; 2001 ж., № 1-2, 2-құжат; № 4-5, 43-құжат; 2002 ж., № 26, 272-құжат; № 45, 445-құжат; 2003 ж., № 12, 130-құжат; № 16, 160-құжат; 2004 ж., № 13, 166-құжат; № 21, 267-құжат; № 27, 344-құжат; № 48, 590-құжат; 2005 ж., № 16, 189-құжат; № 27, 329-құжат; № 30, 380-құжат; № 49, 623-құжат; 2006 ж., № 7, 50-құжат; № 26, 264-құжат; № 28, 320-құжат; № 30, 320-құжат; 2007 ж., № 30, 330-құжат; № 33, 361-құжат; 2008 ж., № 10, 105-құжат; 2009 ж., № 5, 13-құжат, 2010 ж., № 27, 205-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы» деген жолдағы «139» деген цифрлар «118» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппараты» деген жолдағы «30» деген цифрлар «25» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппараты» деген жолдағы «101» деген цифрлар «86» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы» деген жолдағы «39» деген цифрлар «33» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты)» деген жолдағы «6563» деген цифрлар «5579» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«оның ішінде: облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдары (соттардың кеңселері)» деген жолдағы «6357» деген цифрлар «5403» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі 31»

д е г е н ж о л а л ы п т а с т а л с ы н ;

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі» деген жолдағы «253» деген цифрлар «215» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«соның ішінде аумақтық органдар» деген жолдағы «204» деген цифрлар «173» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық» деген жолдағы «14» деген цифрлар «12» деген цифрлармен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 2-қосымшада:

«Қазақстан Республикасының Прокуратурасы» деген жолдағы «6281» деген цифрлар «5338» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Бас прокуратура» деген жолдағы «338» деген цифрлар «287» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Прокуратура органдары» деген жолдағы «5171» деген цифрлар «4395» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет» деген жолдағы «118» деген цифрлар «100» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің аумақтық органдары» деген жолдағы «654» деген цифрлар «556» деген цифрлармен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 3-қосымшада:

«Облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьялары» деген жолдағы «574» деген цифрлар «488» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары» деген жолдағы «1945» деген цифрлар «1653» деген цифрлармен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 4-қосымшада:

«Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары» деген жолдағы «3970» деген цифрлар «3375» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«қаржы полициясының аумақтық органдары» деген жолдағы «3447» деген цифрлар «2852» деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) күші жойылды - ҚР Президентінің 2012.07.30 N 360 Жарлығымен

3) күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.08.12 N 139 Жарлығымен

4) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 50, 640-құжат, 2005 ж., № 39, 555-құжат; 2006 ж., № 35, 373-құжат; 2007 ж., № 42, 479-құжат; 2008 ж., № 3, 38-құжат, № 35, 364-құжат; 2009 ж., № 15, 106-құжат; № 55, 446-құжат):

2-тармақтағы «3580» деген цифрлар «3043» деген цифрлармен ауыстырылсын;

5) «Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы № 304 Жарлығына

(Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 9, 98-құжат):

2 - тармақта :

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақшада :

«осы Жарлықтың 2-тармағының 1) тармақшасына» деген сөздер «бекітілген штат санының лимиттеріне» деген сөздермен ауыстырылсын,

«2008» деген цифрлар «тиісті» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) (құпия) ;

7) (құпия) ;

8) (өте құпия) .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2011.08.12 N 139, 2011.10.20 N 165 (2010.11.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.30 N 360 Жарлықтарымен.

5 . (құпия) .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2011.10.20 N 165 (2010.11.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

5 - 1 . (құпия) .

Ескерту. Жарлық 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2011.10.20 N 165 (2010.11.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

7. Осы Жарлық, 2010 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін 4-тармақты қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті Н. Назарбаев